АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ «МҮМКІНДІКТЕРІ ШЕКТЕУЛІ ТҰЛҒАЛАРҒА АРНАЛҒАН «ЕЛОРДА» СПОРТ КЛУБЫ» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «СПОРТИВНЫЙ КЛУБ ДЛЯ ЛИЦ С ОГРАНИЧЕННЫМИ ВОЗМОЖНОСТЯМИ «ЕЛОРДА» АКИМАТА ГОРОДА АСТАНЫ

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

26.12.2025 № 02-02/88
Астана қаласы

город Астана

Мемлекеттік сатып алу (тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) бір көзден алу тәсілімен жүзеге асыру туралы

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 16-бабы 3-тармағының 28) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының» 506-509-тармақтарына сәйкес, ТМҚ сатып алудың қажеттілігіне байланысты **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Пара оқ ату спорты түріне қаруды сақтау қоймасын жалға алу қызметін бір көзден тікелей шарт жасасу тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру.

2. Сатып алудың негіздемесі:

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 16-бабы 3-тармағының 28) тармақшасы:

3. Мемлекеттік сатып алуды бір көзден тікелей шарт жасасу арқылы жүргізу келесі жағдайларда жүзеге асырылады:

28) біртекті тауарлардың жылдық көлемі есептік көрсеткіштің жүз еселенген мөлшерінен, жұмыстар мен қызметтердің жылдық көлемі есептік көрсеткіштің бес жүз еселенген мөлшерінен, ал аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкім аппараттары үшін төрт мың еселенген мөлшерінен аспаған кезде сатып алынады.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 бұйрығы:

506. Заңның 16-бабында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік сатып алуды бір көзден тікелей шарт жасасу тәсілімен сатып алу тапсырыс берушінің тиісті негіздемесі бар шешімінің негізінде жүзеге асырылады.

507. Мемлекеттік сатып алуды бір көзден тікелей шарт жасасу тәсілімен жүзеге асыру туралы шешімді тапсырыс берушінің бірінші басшысы, оның міндетін атқарушы тұлға, не тапсырыс беруші аппаратының басшысы немесе оның өкілеттігін жүзеге асыратын өзге де лауазымды тұлға қабылдайды.

508. Мемлекеттік сатып алуды бір көзден тікелей шарт жасасу тәсілімен жүзеге асыру туралы шешім қабылданған жағдайда, мұндай мемлекеттік сатып алу Заңның 1-бабының 1), 4), 6) және 7) тармақшаларында көзделген мемлекеттік сатып алудың қағидаттарын сақтай отырып жүзеге асырылады.

000440

509. Мемлекеттік сатып алуды бір көзден тікелей шарт жасасу тәсілімен жүргізу туралы шешім қабылдаған тұлға мемлекеттік сатып алудың Заңның 1-бабында көзделген қағидаттарын сақтауын қамтамасыз етеді.

4. Мемлекеттік сатып алуға жауапты менеджер Жамаладина А.Т.-ға қолданыстағы заңнамаға сәйкес жеткізушімен шарт ресімдеу жөнінде қажетті шаралар қабылдауды тапсырамын.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Басшы **А. Тагаев**